

**Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің субсидиялар нормативін бекіту туралы" № 37/2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 3 қарашадағы № 307/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 желтоқсанда № 4824 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 137/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы әкімдігінің 25.05.2021 № 137/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 13 мамырдағы "Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін бекіту туралы" № 486 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің субсидиялар нормативін бекіту туралы" № 37/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4315 болып тіркелді, 2015 жылғы 6 наурызда "Регион.KZ" газетінде жарияланды) келесідей өзгерістер енгізілсін:

пreamбуласында "Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп шығару үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын және кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін бекіту туралы" деген сөздер "Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауылшаруашылық өнімінің тізбесін бекіту" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Бозымбаев*

Павлодар облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "3" қарашадағы  
№ 307/11 қаулысына  
қосымша

### **Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімінің субсидиялар нормативі**

Ауылшаруашылық өнім атауы	Тереңдете өңделген өнімдердің атауы	Шикізатқа қайта есептелген субсидиялар нормативтері, (теңге/кг)	теңге/л
Сүт	Сары май	16,0	
Сүт	Қатты ірімшік	20,0	
Сүт	Құрғақ (майы алынған)	сүт 15,0	